

ОНТҮСТИК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA АКАДЕМИЯСЫ «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA <i>—1979—</i>	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Дәрілер технологиясы кафедрасы <small>«Емдік-косметикалық және ветеринарлық құралдар технологиясы» пәнінен зертханалық сабактарға арналған әдістемелік нұсқау</small>	43/- 39 беттің 1 беті	-2024

ЗЕРТХАНАЛЫҚ САБАҚҚА АРНАЛҒАН ӘДІСТЕМЕЛІК НҰСҚАУЛАР

Пәні: Емдік-косметикалық және ветеринарлық құралдар технологиясы

Пән коды : EKVQT 3205

ББ атауы: «6B07201 - «Фармацевтикалық өндіріс технологиясы»

Оқу сағаты/кредит көлемі: 150 сағат (5 кредит)

Оқу курсы мен семестрі: 3 курс, 6 семестр

Зертханалық сабактар: 40 сағат

Шымкент, 2024 жыл

ОНТҮСТИК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA АКАДЕМИЯСЫ «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA <i>—1979—</i>	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Дәрілер технологиясы кафедрасы «Емдік-косметикалық және ветеринарлық құралдар технологиясы» пәнінен зертханалық сабактарға арналған әдістемелік нұсқау	43/-2024 39 беттің 2 беті	

Зертханалық сабактарға арналған әдістемелік нұсқаулар «Емдік-косметикалық және ветеринарлық құралдар технологиясы» пәнінің жұмыс оқу бағдарламасына (силлабус) сәйкес әзірленген және кафедра мәжілісінде талқыланды.

Хаттама № 10 31.05.2024ж.

Кафедра менгерушісі, фарм.ғ.д., профессор



Сағындықова Б.А.

ОНТҮСТИК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA АКАДЕМИЯСЫ «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA <i>-1979-</i>	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Дәрілер технологиясы кафедрасы «Емдік-косметикалық және ветеринарлық құралдар технологиясы» пәнінен зертханалық сабактарға арналған әдістемелік нұсқау	43/-2024 39 беттің 3 беті	

№ 1 сабак

1. Тақырыбы: Косметикалық құралдардың жіктелуі. Терінің және шаштың физиологиясы және морфологиясының косметологиялық аспекттері. Тері мен шаштың типін анықтау әдістері.

2. Мақсаты: Терінің анатомиясы мен физиологиясын, тері ауруларының диагностикасы сұрақтары бойынша теориялық білімдерін бекіту және тәжірибелік дағдыланды үрету.

3. Оқыту міндеттері: **білуге тиіс:**

1. Адамның тері жамылғысының құрылышының ерекшелігі мен тері қызметтері.
2. Эпидермиялық клетканың өмірлік жүйесі.
3. Дерматология мен косметологияның деонтологиялық аспекттері.
4. Тері және шаштың морфологиясы және физиологиясының косметикалық аспекттері.

істей алуы тиіс:

1. Бет терісінің серпінділік деңгейін анықтау.
2. Шаштың жағдайын анықтау.
3. Шаштың синғыштығын анықтау.

4. Тақырыптың негізгі сұрақтары:

1. Косметологияның жалпы түсініктері мен терминдері.
2. Терінің морфологиясы мен физиологиясы.
3. Терінің құрылышы мен құрылымы.
4. Терінің қанмен қамтылу, лимфа айналым және тері иннервациясы.
5. Шаштың құрылышы.
6. Эпидермис. Оның құрамдастырылған қабаттары.
7. Эпидермистің құрылышы және оның белгіленуі.
8. Тері ауруларының этиологиясы және патогенезінің жалпы сұрақтары.
9. Шаштың морфологиясы және физиологиясының косметикалық аспекттері.
- 10.Шаштың типін анықтау әдістері.
- 11.Шаштың физиологиясының өзгерісі.

Білім алушылардың зертханалық жұмысы

Білім алушы келесі тапсырмаларды орындауды тиіс:

Тапсырма 1.

Сау терінің сыртқы көрінісіне сипаттама беріңіз. Оның түсін, температурасын, ылғалдаудың жағдайын, серпінділігін(эластика) және тығыздығын(тугор) анықтау.

Тапсырма 2

«Практическое руководство по косметологии и ароматологии» Башура О.Г., Черных В.Ф 28-29 бет және тағы да басқа оқу құралдарын қолданып, бет терісінің серпінділігін анықтау әдістерімен танысу және конспект жазау.

Тері іркістерінің(складки) пайда болу тесті арқылы бет терісінің серпінділігін анықтау.

Тапсырма 3

«Практическое руководство по косметологии и ароматологии» Башура О.Г., Черных В.Ф 34 бет және тағы да басқа оқу құралдарында ұсынылған шаштың физикалық қасиеттерін құрал-саймандақ әдістермен талдау жүргізу және конспект жасау.

Тапсырма 4

ОНТҮСТИК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA АКАДЕМИЯСЫ «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA <i>-1979-</i>	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Дәрілер технологиясы кафедрасы «Емдік-косметикалық және ветеринарлық құралдар технологиясы» пәнінен зертханалық сабактарға арналған әдістемелік нұсқау	43/-2024 39 беттің 4 беті	

«Практическое руководство по косметологии и ароматологии» Башура О.Г., Черных В.Ф 33 бет және тағы да басқа оку құралдарын қолданып, шаштың типін анықтауды **трихограмма** әдісімен анықтау.

Құрал-жабдықтар: дәрілік заттар, химиялық жиынтық, зертханалық ыдыстар, келі, келсал, кесте, тест тапсырмаларының кешені және т.б.

5. Пәннің соңғы ОН қол жеткізу үшін оқытудың негізгі формалары/әдістері/технологиялары: кіші топтарда жұмыс істеу.

6. Пәннің ОН қол жеткізу деңгейін бағалауга арналған бақылау түрлері: тестілеу, ауызша сұрау, зертханалық жұмыстардың орындалу нәтижесі бойынша.

7. Әдебиет (1-косымшаны қара)

8. Бақылау (сұрақтар, ситуациялық есептер)

1. Косметология. Пайда болуы тарихы және дамуы.
2. Тері қабатының функционалдық ерекшеліктері мен негізгі құрылымы.
3. Тері іркістерінің құрылымы: тырнақ, тер және май бездердің.
4. Эпидермис құрылымы. Эпидермис қабаттарын атаңыз және әр қабатқа сипаттама беріңіз.
5. Шекаралық қабат. Оның қызметі.
6. Тері немесе дерма құрылымы.
7. Теріасты майлы тін (гиподерма). Оның сипаттамасы.
8. Тері іркістері. Тер бездері. Тер бездерінің түрлері (эккринді және апокринді).
9. Майбездер. Әсер ету механизмі (голокринді), без түрлері және олардың орналасыуы.
10. Тырнақтың құрылымы.
11. Терінің типтері бойынша дифференциациясы. Тері типтерін анықтау әдістері.
12. Тері серпімділігі және оны анықтау әдістері.
13. Тері рельефі және оны анықтау әдістері.
14. Терінің қанмен қамтамасыз етілу деңгейі және оны анықтау әдістері.
15. Шаш құрылымы.
16. Шаш түрлері.
17. Шаш типін анықтау әдістері.
18. Этиопатогенез, шаш өзегінің аномалиялық түрлері және клиникалық көрінісі.
19. Алопеция этиопатогенезі.
20. Алопеция түрлілігі және клиникалық көрінісі.
21. Шаш ауруларының терапиясының принципі.

Ситуациялық есептер.

1. Ер адамның отпен жұмыс жасағаннан соң иығында диаметрі шамамен 70мм болатын айқын-қызыл түсті дақтар пайда болды, жалынмен ұзақ уақыт байланыста болған тері аудандарында бірнеше тері көпіршіктері пайда болған. Қатты ауырсыну мазалайды. Сіздің болжамды диагнозыңыз? Сіздің тактикалық іс-әрекетіңіз? Емделушіге қандай көмек көрсетуге болады?

ОНТҮСТИК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA АКАДЕМИЯСЫ «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA <i>-1979-</i>	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Дәрілер технологиясы кафедрасы «Емдік-косметикалық және ветеринарлық құралдар технологиясы» пәнінен зертханалық сабактарға арналған әдістемелік нұсқау		43/-2024 39 беттің 5 беті

№ 2 сабак

- 1. Тақырыбы:** Тері патологиясының клиникалық сипаттамасы.
- 2. Мақсаты:** теріге косметикалық құтім жасаудың негізін оқыту және теориялық негіздеу.

- 3. Оқыту міндеттері:**

білуге тиіс:

- тері қабатының функционалдық ерекшеліктері мен негізгі құрылымын;
 - терінің морфологиясы мен физиологиясын;
 - терінің құрылышы мен құрылымын.
- істей алуды тиіс:**
- терінің жағдайын анықтауды;

- 4. Тақырыптың негізгі сұрақтары:**

1. Сабак тақырыбы бойынша қазақша және латынша терминология;
2. Косметология саласындағы негізгі түсініктер мен терминдер;
3. Терінің құрылышы мен құрылымы;
4. Терінің қанмен қамтылу, лимфа айналым және тері иннервациясы.

Білім алушылардың зертханалық жұмысы

Білім алушы келесі тапсырмаларды өз бетінше орындауды керек:

Тапсырма 1.

Келесі диагностикалық әдістердің жүргізілігі: пальпация, диаскопия, терінің қыру. Осы әдістердің нәтижесінде көрініс табатын симптомдар тізімін көлтіріңіз. Қандай аурулар кезінде олар информативті болады.

Жұмыстың жүргізілу әдістемесін «Практическое руководство по косметологии и ароматологии» Башура О.Г., Черных В.Ф және тағы да басқа нұсқаулықтардан қараңыз.

Тапсырма 2.

«Практическое руководство по косметологии и ароматологии» Башура О.Г., Черных В.Ф 26 бет және де тағы да басқа оқу құралдарын қолданып, тері типін анықтаудың әдістерімен танысып, конспект жасау.

Бет терісіне майлылық тестін папирос қағазының көмегі арқылы тері типін анықтау.

Қажетті құрал-жабдықтар: дәрілік заттар, химиялық жиынтық, зертханалық ыдыстар, келі, келсап, кесте, тест тапсырмаларының кешені және т.б.

- 5. Пәннің соңғы ОН қол жеткізу үшін оқытудың негізгі формалары/әдістері/технологиялары:** кіші топтарда жұмыс істеу.

- 6. Пәннің ОН қол жеткізу деңгейін бағалауға арналған бақылау түрлері:** тестілеу, ауызша сұрау, зертханалық жұмыстардың орындалу нәтижесі бойынша.

- 7. Әдебиет (1-косымшаны қара)**

- 8. Бақылау (сұрақтар, теттер):**

1. Терінің анатомиялық және физиологиялық ерекшеліктері.

ОНТҮСТИК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA АКАДЕМИЯСЫ «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Дәрілөр технологиясы кафедрасы «Емдік-косметикалық және ветеринарлық құралдар технологиясы» пәнінен зертханалық сабактарға арналған әдістемелік нұсқау	43/-2024 39 беттің 6 беті

2. Тері ауруларының пайда болуында негізгі ролін атқаратын факторларды атапыз.
3. Қандай органдар және жүйелер тері жағдайына әсер етеді?
4. Тері ауруларын емдеудің жалпы принциптеріне сипаттама беріңіз.

5. Ситуациялық есептер.

1. 40 жастағы әйел, 5 жыл бойы салқын, ылғалды бөлмеде жұмыс істегеннен кейін, пайда болған аяқ-қолының бөртіп кеткенін косметологқа келип шағымданды. Тексеру барысында қолында, сирақтарында, табанында ашық-қызығылт түсті популезды бортпелер байқалды. Сіздің болжамды диагнозыңыз?
Сіздің тактикалық іс-әрекетіңіз?
Емделушіге қандай кенес бере аласыз?

ОНТҮСТИК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA АКАДЕМИЯСЫ «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA <i>-1979-</i>	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Дәрілер технологиясы кафедрасы «Емдік-косметикалық және ветеринарлық құралдар технологиясы» пәнінен зертханалық сабактарға арналған әдістемелік нұсқау		43/-2024 39 беттің 7 беті

№3 сабак

1. Тақырыбы: Тері күтімінде қолданылатын сұйық консистенциялы косметикалық құралдар. Косметикалық сұйықтықтар – лосьондар, тониктер.

2. Мақсаты: теріге косметикалық күтім жасаудың негізін оқыту және теориялық негіздеу.

3. Оқыту міндеттері:

білуге тиіс:

- терінің косметикалық күтіміне анықтамасын, жіктелуін;
- косметологияның және космецевтиканың негізгі терминологиясын;
- косметологияда қолданылатын қондырғыларды;
- косметикалық құралдар өндірісінде қолданылатын көмекші заттарды.

істей алуды тиіс:

- косметикалық құралдарды нормалайтын, нормативтік-техникалық құжаттарды қолдана алу;
- косметикалық құралдардың дисперстік типін анықтау.

4. Тақырыптың негізгі сұрақтары:

1. Сабак тақырыбы бойынша қазақша және латынша терминология;
2. Дәрілік түрлер бойынша дәрілік құралдардың жіктелуі.
3. Косметология саласындағы негізгі түсініктер мен терминдер;
4. Дәрілік түрлер түрінде шығарылатын емдік және фармацевтикалық құралдар;
5. Косметикалық түрлер түрінде шығарылатын гигиеналық және декоративті құралдар.
6. Белгіленуі және рациональды қолданылуы бойынша косметикалық құралдардың жіктелуі;
7. Косметикалық сұйықтықтардың жіктелуі(лосьондар, тониктер);
8. Косметикалық құралдар өндірісін нормалайтын, нормативтік-техникалық құжаттар.

Білім алушылардың зертханалық жұмысы

Білім алушы келесі тапсырмаларды өз бетінше орындауы керек:

Тапсырма 1.

Құрамын ұсыну, функциональды қолданылуын және рецепттегі ингредиенттердің сандық мөлшерін негіздеу:

- майлыш тері үшін, гигиеналақ қолануға арналған лосьон;
- майлыш тері үшін, емдік – профилактикаға арналған лосьон;
- проблемалы теріге арналған лосьон;
- безеулерді емдеуге арналған лосьон;
- құрғақ теріге арналған гигиеналық мақсатта қолданылытын лосьон – тоник;
- құрғақ теріге арналған емдік – профилактикада қолданылатын лосьон - тоник;
- пигментке қарсы қолданылатын лосьон;
- қырынудан кейінгі лосьон.

Тапсырма 2.

Косметикалық лосьондар өндірісінің рациональды технологиясын ұсыну және негіздеу.

Лосьондар өндірісінің блок-схемасын және аппаратуралық схемасының құрастыру.

Косметикалық құралды дайындау.

ОНДҮСТИК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA АКАДЕМИЯСЫ «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA <i>-1979-</i>	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Дәрілер технологиясы кафедрасы «Емдік-косметикалық және ветеринарлық құралдар технологиясы» пәнінен зертханалық сабактарға арналған әдістемелік нұсқау	43/-2024 39 беттің 8 беті	

Тапсырма 3.

Дайындалған косметикалық құралдың сапасын бақылау. Косметикалық лосьондардың нормативті-аналитикалық құжаттардың сәйкес талаптар бойынша сапасын бақылау келесі көрсеткіштер бойынша бақыланады: сыртқы түрі, түсі, иісі, рН, этил спиртінің концентрациясы және құрғақ қалдық анықталынады.

Қажетті құрал-жабдықтар: дәрілік заттар, химиялық жиынтық, зертханалық ыдыстар, келі, келсап, кесте, тест тапсырмаларының кешені және т.б.

5. Пәннің соңғы ОН қол жеткізу үшін оқытуудың негізгі формалары/әдістері/технологиялары: кіші топтарда жұмыс істеу.

6. Пәннің ОН қол жеткізу деңгейін бағалауга арналған бақылау түрлері: тестілеу, ауызша сұрау, зертханалық жұмыстардың орындалу нәтижесі бойынша.

7. Әдебиет (1-косымшаны қара)

8. Бақылау (сұрақтар, теттер):

1. Терінің анатомиялық және физиологиялық ерекшеліктері.
2. Терінің косметикалық аспектілері. Тері типтерін анықтау әдістері және сипаттамасы.
3. Гомогенді дисперсті жүйелерге сипаттама.
4. Косметикалық лосьондардың анықтамасы және ДСТУ 2472-94 «Парфюм-косметикалық өнім. Терминдер және анықтамалар» бойынша жіктелуін айтыңыз.
5. Тері және оның қыртыстарына сұйық косметикалық құралдар эсерінің ерекшеліктері.
6. Косметикалық құралдардың жіктелуі.
7. Косметикалық лосьондар рецептурасында қолданылатын биологиялық белсенді және қосымша заттардың жіктелуі, номенклатурасы және сипаттамасы. Косметикалық лосьондар.
8. Лосьондарға анықтама, сипаттамасы және жіктелуі. Гигиеналық және емдік-профилактикалық қолдануға арналған лосьондардың косметикалық эффектісі.
9. Косметикалық лосьондардың рецептурасындағы негізгі компоненттерге сипаттама және функциональдық белгіленуі.
10. Гигиеналық және емдік-профилактикалық максатта қолданылатын лосьондар құрамындағы биологиялық белсенді заттарға сипаттама және номенклатурасы.
11. Косметикалық лосьондардың және тониктердің сапасын бағалау.

Тесттер:

1. Косметикалық және космецевтикалық препараттар құрамындағы ... бойынша бір бірінен ерекшелінеді.
 - дәрілік заттары
 - ароматизаторлар
 - бояғыштар
 - байланыстырыш заттары
 - антисептикалық құралдары
2. Безеу бөрітпесін емдеуде қолданылатын препараттар:
 - аэровит
 - тетрациклин
 - аскорбин қышқылы
 - рутин
 - апилак

3. Себореяны емдеуде қолданылатын препарат.

- A) белодерм
- B) резорцин
- C) низорал
- D) никотин қышқылы
- E) локацид

4. Лосьондар құрамының пайыздық қатынаста доминантты компонент су болып табылады. Этіл спирті ... құрайды:

- A) 20—40 %
- B) 20—60 %
- C) 20—80 %
- D) 10—60 %
- E) 10—70 %

5. Теріге жұмсақтқыш қасиет беретін - көмекші заттар(эмоленттер), мысалы, глицерин - лосьондар құрамының 10 % дейінгі концентрациясын құрайды, ал оптимальды мөлшері ... болып табылады.

- A) 3 – 6 %
- B) 10 -15%
- C) 1 - 10%
- D) 2 – 5 %
- E) 5 -10 %

ОНТҮСТИК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA АКАДЕМИЯСЫ «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA <i>-1979-</i>	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Дәрілер технологиясы кафедрасы «Емдік-косметикалық және ветеринарлық құралдар технологиясы» пәнінен зертханалық сабактарға арналған әдістемелік нұсқау	43/- 39 беттің 10 беті	-2024

№ 4 сабак

1. Тақырыбы: Гель түзетін заттар. Тұрақты гельдерді дайындау ерекшеліктері.

2. Мақсаты: Тұрақты гельдерді дайындаудың теориялық білімін қалыптастыру.

3. Оқыту міндеттері:

білуге тиіс:

- гель түзетін заттарды, олардың класификациясын;
- қосымша заттарға қойылатын талаптарды.

істей алуы тиіс:

- тұрақты гельдерді дайындай алу;

4. Тақырыптың негізгі сұрақтары:

1. сабак тақырыбы бойынша қазақша және латынша терминология;
2. косметикалық құралдар технологиясында қолданылатын қосымша заттар;
3. косметикалық құралдар номенклатуrasesы мен жіктелуі.

Білім алушылардың зертханалық жұмысы

Білім алушы келесі тапсырмаларды өз бетінше орындауды керек:

Тапсырма 1.

- дүшқа арналған гель (құрғақ, майлы және сезімтал теріге) рецептісінің ингредиенттерінің функциональды белгіленуін және сандық мөлешерін негізденіз.

Тапсырма № 2

- Косметикалық құралдардың (гельдердің) өндірісінің рациональды технологиясын ұсыну және негіздеу;
- Косметикалық құралдардың блок-схемасын және аппаратуралық схемасын құрастыру;
- Косметикалық құрал (гель) дайындау.

Тапсырма № 3

Дайындалған косметикалық құралдың (гельдің) сапасын бағалаңыз.

Көбікті-жуғыш косметикалық құралдардың сапасын ТУ-6-39-48-92 сәйкес: сыртқы түрі, түсі, иісі бойынша бағаланады.

Қажетті құрал-жабдықтар: дәрілік заттар, химиялық жиынтық, зертханалық ыдыстар, кели, келсап, кесте, тест тапсырмаларының кешені және т.б.

5. Пәннің соңғы ОН қол жеткізу үшін оқытудың негізгі формалары/әдістері/ технологиялары: кіші топтарда жұмыс істеу.

6. Пәннің ОН қол жеткізу деңгейін бағалауға арналған бақылау түрлері: тестілеу, ауызша сұрау, зертханалық жұмыстардың орындалу нәтижесі бойынша.

7. Әдебиет (1-қосымшаны қара)

8. Бақылау (сұрақтар, тапсырмалар орындау):

1. Косметикалық гельдерді дайындауда қолданылатын қосымша заттар номенклатуrasesы.
2. Көбікті-жуғыш косметикалық құралдардың тазартушы әсерлі механизмі.
3. Гель түзетін заттарды атанаңыз.
4. Гель түзетін заттардың класификациясы. Қойылатын талаптар.
5. Тұрақты гельдерді дайындау ерекшеліктері қандай?

ОҢТҮСТИК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA АКАДЕМИЯСЫ «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA <i>-1979-</i>	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Дәрілер технологиясы кафедрасы «Емдік-косметикалық және ветеринарлық құралдар технологиясы» пәнінен зертханалық сабактарға арналған әдістемелік нұсқау	43/-2024 39 беттің 11 беті	

№ 5 сабак

1. Тақырыбы: Парфюмерлік құралдар. Дезодоранттар, антиперспиранттар.

2. Мақсаты: әр түрлі формалы иіс жойғыш құралдардың әсер ету механизмін, рецептерін негіздеу және талдау, технологиясын және сапасын бағалаудың тәжірибелі дағдыларын үйрету, теориялық білімдерін қалыптастыру.

3. Оқыту мақсаты:

білуге тиіс:

- терінің және оның қыртыстарының морфологиялық және физиологиялық ерекшеліктерін;
- апокринді тері бездерінің құрылымдық және физиологиялық ерекшеліктерін.

істей алуды тиіс:

- жазылған жазылымды дайындау үшін ингредиенттердің қажетті мөлшерін есептеу;
- тері күтіміне арналған препаратты дайындау;
- дайын косметикалық препараттарды стандарттау.

4. Тақырыптың негізгі сұрақтары:

1. Сабақ тақырыбы бойынша латынша және қазақша терминология.
2. Медициналық косметология тапсырмалары.
3. Косметикалық препараттарда қолдануға рұхсат етілген көмекші заттар.
4. Дәрілік түрлерді дайындаудың негізгі принциптері.
5. Косметикалық құралдардың жіктелуі.
6. Гигиеналық қолдануға арналған препараттардың косметикалық эффектісі.
7. Косметикалық құралдардың теріге ену қабілетін анықтайдын факторлар.
8. Косметикалық препараттар рецептурасында қолданылатын әсер етуші және көмекші заттардың функциональды белгіленуі және номенклатурасы.

Білім алушылардың зертханалық жұмысы

Білім алушы келесі тапсыриалар бойынша индивидуальды тәжірибелі жұмыстарын орындал, берілген ситуациялық тапсырмаларды шешу керек:

Тапсырма 1.

Ұсынылған жазбаны талдау, БП және латын тілінде рецепт жазу, тандалған технологияны негіздеу.

1. Ал: Этил спирті 70% 100 мл
Левомицетин 2,5
Салицил қышқылы 2,0
Араластыр. Босат. Белгіле: Сыртқа. Безеулі бөрітпе кезінде.
2. Ал: Этил спирті 70% 50 мл
Бор қышқылының ерітіндісі 2% 50 мл
Резорцин 1,0
Глицерин 1,0
Араластыр. Босат. Белгіле: Сыртқа. Безеулі бөрітпе кезінде.
3. Ал: Этил спирті 70% 50 мл
Бор қышқылы 1,5
Қырмызыгүл тұндырмасы 20 мл
Салицил қышқылы 1,5
Тұндырылған күкірт 3,0
Араластыр. Босат. Белгіле: Сыртқа. Безеулі бөрітпе кезінде.
4. Ал: Тұндырылған күкірт 5,0

ОНТҮСТИК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA АКАДЕМИЯСЫ «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Дәрілер технологиясы кафедрасы «Емдік-косметикалық және ветеринарлық құралдар технологиясы» пәнінен зертханалық сабактарға арналған әдістемелік нұсқау	43/-2024 39 беттің 12 беті

- Глицерин 5,0
 Этил спирті 5 мл
 Калий карбонаты 1,0
 Арапастыр. Босат. Белгіле: Кешке жатар алдында қолданып, таңертең ыстық сумен жуып таставды.(тері қабыршықтануына қарсы).
5. Ал: Ихтиол 5,0
 Тұндырылған күкірт 5,0
 Мырыш тотығы 5,0
 Тальк 5,0
 Этиль спирті 50% 10 мл
 Глицерин 10,0
 Арапастыр. Босат. Белгіле: Сыртқа. Қолданар алдында шайқау керек.
6. Ал: Лассар пастасы 10,0
 Стрептоцид 1,0
 Сұйық алоэ экстрактысы 1 мл
 Арапастыр. Босат. Белгіле: Сыртқа (құрғатқыш әсерлі паста, конглобатты безеулерді емдеудегі жаракатты емдеуге).
7. Ал: Вазелин 20,0
 Мырыш жағар майы 15,0
 Лассар пастасы 10,0
 Ихтиол 10,0
 Ақ балшық 5,0
 Арапастыр. Босат. Белгіле: Сыртқа. Безеулі бөрітпені емдеуге арналған паста.
8. Ал: Этил спирті 96% 100 мл
 Салицил қышқылы 5,0
 Резорцин 5,0
 Камфора спирті 100 мл
 Йод ерітіндісі 5% 10 мл
 Арапастыр. Босат. Белгіле: Сыртқа. Стрептодерминді емдеу үшін.
9. Ал: Ихтиол 0,5
 Мырыш тотығы 5,0
 Тальк 0,5
 Балық майы 5,0
 Нафтадан жағар майы 10,0
 Арапастыр. Босат. Белгіле: Сыртқа. Пиодермии, созылмалы экземаларды емдеуге арналған крем.
- 10.Ал: Бор қышқылы 4,5
 Алюмокалий ащудасы 4,5
 Арапастыр. Босат. Белгіле: Сыртқа. Гипертрихоз кезінде қолданылатын сеппе.

Тапсырма 2. Ұсынылған жазылымдар бойынша тері және тері қатпарларын емдеуде және профилактикада қолданылатын косметикалық құралдар дайындау.

Тапсырма 3. Косметикалық препараттардың номенклатуралық тізімін құрастыру. Сақтау талаптарын, қолданылуын, дайындау тәсілін көрсету.

Құрал-жабдықтар: дәрілік заттар, химиялық жиынтық, зертханалық ыдыстар, келі, келсан, кесте, тест тапсырмаларының кешені және т.б.

ОҢТҮСТИК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA АКАДЕМИЯСЫ «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA <i>-1979-</i>	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Дәрілер технологиясы кафедрасы «Емдік-косметикалық және ветеринарлық құралдар технологиясы» пәнінен зертханалық сабактарға арналған әдістемелік нұсқау	43/-2024 39 беттің 13 беті	

5. Пәннің сөнғы ОН қол жеткізу үшін оқытудың негізгі формалары/әдістері/технологиялары: кіші топтарда жұмыс істеу.

6. Пәннің ОН қол жеткізу деңгейін бағалауға арналған бақылау түрлері: тестілеу, ауызша сұрау, зертханалық жұмыстардың орындалу нәтижесі бойынша.

7. Әдебиет (1-косымшаны қара)

8. Бақылау (сұраптар, ситуациялық есептер):

1. Дезодорантты құралдардың белгіленуі, жіктелуі, сипаттамасы.
2. Антиперспиранттар. Белгіленуі. Әсер теу механизмі.
3. Антиперспиранттар құрамында қолданылатын ББЗ.
4. Дезодоранттар. Белгіленуі. Әсер теу механизмі.
5. Дезодоранттар құрамында қолданылатын ББЗ.
6. Эр түрлі шығарылу формалы дезодорантты құралдардың рецептурасында қолданылатын көмекші заттардың сипаттамасы, номенклатурасы, функциональдық белгілені.
7. Шығарылу формасына байланысты дезодоранттайтын әсерлі косметикалық препараттардың рецептурасын құрастыру ерекшеліктері.
8. Эр түрлі шығарылу формасына байланысты дезодоранттайтын құралдардың технологиясы.

Ситуациялық есептер.

Сұлулық салонға 34 жастагы қолтық асты аймағына балауызben депиляция жасатуға әйел кісі келді. Бақылау кезінде қолтық терісінде өлшемі 1-3 см болатын бірнеше атрофиялық тыртықтардың бар екені байқалды. Пациент бірнеше жыл бұрын созылмалы гидроденитпен ауырғаны анықталды. Қазіргі таңда аурудың ешқандай белсенді белгілері жоқ. Сіздің тактикаңыз және ұсынысыңыз.

ОНТҮСТИК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA АКАДЕМИЯСЫ «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Дәрілер технологиясы кафедрасы «Емдік-косметикалық және ветеринарлық құралдар технологиясы» пәнінен зертханалық сабактарға арналған әдістемелік нұсқау		43/-2024 39 беттің 14 беті

№ 6 сабак

1. Тақырыбы: Декоративті косметикалық құралдар. Тері және оның қосалқы жерлерінің күтімінде қолданылатын декоративті косметикалық құралдар.

2. Мақсаты: рецептерді құрастыру және талдау, декоративті қолдануға арналған косметикалық препараттар өндірісі туралы тәжірибелік білім және дағдыларды қалыптастыру.

3. Оқыту мақсаты:

Білуге тиіс:

- бет терісінің анатомиялық және физиологиялық өрекшеліктерін;
- тері қыртыстарын. Морфологиясын және физиологиясын.

Істей алуы тиіс:

- декоративті қолдануға арналған сүйік және жұмсақ косметикалық құралдар өндірісінің жұмыс жазбасын құрастыру және қажетті есептеулер жүргізу;
- косметикалық құралдарды стандарттау.

4. Тақырыптың негізгі сұрақтары:

1. Жылу процестері. Буландыру.
2. Талдаудың физикалық әдістері.
3. Декоративті қолдануға арналған құралдардың құрамында қолданылатын қосымша заттардың сипаттамасы, жіктелуі, номенклатуrasesы.
4. Ұнтақтар дайындаудың технологиялық тәсілдер.
5. Эмульсиялық және суспензиялық косметикалық құралдар құрастырудың технологиялық тәсілдер.
6. Эмульгаторлар сипаттамасы және жіктелуі.

Білім алушылардың зертханалық жұмысы

Білім алушы келесі тапсырмалар бойынша индивидуальды тәжірибелік жұмыстарын орындал, берілген ситуациялық тапсырмаларды шешу керек:

Тапсырма 1.

Ұсынылған жазбаны талдау, БП және латын тілінде рецепт жазу, таңдалған технологияны негіздеу.

1. Ал: Барий сульфаты 0,55
Тальк 9,45

Араластыр. Босат. Белгіле: Сыртқа. Паста түзілу үшін ұнтақты судың аздаған мөлшерімен араластыру. Гипертрихоз аудандарына ағаш таяқшасы көмегімен жұқа қабат етіп жағу. Содан соң теріні кептіріп, майлы сеппе себу керек.

2. Ал: Этиль спирті 95% 24 мл
Йод тұнбасы 1,5 мл
Терпентин майы 3,0
Упілмәлік майы 4,0
Коллодия 50,0

Араластыр. Босат. Белгіле: Сыртқа. Қыздырып теріге жағуға. Салқындағаннан соң жылдам теріден алу. (эпилляцияға арналған пластиры)

Ал: Шәй ағашының эфир майынан IV тамшы

Лимон эфир майынан II тамшы

Упілмәлік майы 5,0

Авокадо майы 5,0

Араластыр. Босат. Белгіле: Сыртқа. Тыңнактарды қатыруға арналған қоспа.

ОНТҮСТИК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA АКАДЕМИЯСЫ «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»	
Дәрілер технологиясы кафедрасы «Емдік-косметикалық және ветеринарлық құралдар технологиясы» пәнінен зертханалық сабактарға арналған әдістемелік нұсқау	43/-2024 39 беттің 15 беті	

3. Ал: Лаванда эфир майынан V тамшы
Сандал эфир майынан V тамшы
Розмарин эфир майынан III тамшы
Араластыр. Босат. Белгіле: Сыртқа. Ваннаға арналған қоспа.
(жаракат, қабыну, қабыршақтанудан кейін регенерациялау).
4. Ал: Этиль спирті 40% 185 мл
Камфора 6,0
Салицил қышқылы 6,0
Ментол 1,0
Араластыр. Босат. Белгіле: Сыртқа. Шаш талшықтарын нығайтуға арналған.
5. Ал: Эвкалипт тұндымасы 10 мл
Су бұрышының тұндымасы 5 мл
Әтір (одеколон) 100 дейін
Араластыр. Босат. Белгіле: Сыртқа. Бетперде.
6. Ал: Сірке қышқылы 3,0
Әтір (одеколон) 100 мл дейін
Араластыр.Босат.Белгіле:Сыртқа. Гипергидроз кезінде қолтық астына сұрту.
7. Ал: Гексаметилентетрамин 5,0
Тальк 10,0
Араластыр.Босат.Белгіле:Сыртқа. Гипергидроз кезінде қолданылатын сеппе.

Тапсырма 1.

Ерін далабын дайындау.

Тапсырманы орындау үшін ерін далабының рецептесін құрастыру қажет. Мысалы:

Үпілмәлік майы	43,0
Стеарин	9,0
Сусыз ланолин	6,0
Спермацет	9,0
Ара балауызы	20,0
Бояғыш (эозин қышқылы)	12,0
Хош иістендіргіш	1,0

Үйдісқа үпілмәлік майын өлшеп, 65-70°C дейін қыздырады. Қыздырылған майда эозин қышқылын ерітіп, қалған майлы компоненттерді балқу температурасының төмендеуі реттілігімен қосады: ара балауызы, стеарин, спермацет, сусыз ланолин. Майды араластырып, 40-45 °C дейін салқындастып, хош иістендіргішті енгізеді. Масса біртекті болғаннан соң, валдарда пластикалық өндеу жүргізіледі.(лабораториялық жағдайда келі қолданылады).

Өндөлген массаны балқытып, жартылай сұйық құйінде металл қалыптарға құйып, тоқаңтқышта салқындалады. Қалыптарды алдын ала вазелин маймен өндел немесе тальктің жұқа қабатымен қаптап немесе тоқаңтқышта салқындалады. Қалыптар сыртындағы артық массаны шпатель көмегімен тазалайды.

Қалыптар салқындағаннан соң, егер қалып маймен алдын ала өнделген болса, алынған өнімді майсыздандыру үшін фильтр қағазымен өндейді.

Алынған өнімді пласмасаларға орап, қалыптарға орамдайды, сәйкес маркалайды және оқытуышыға тапсырылады.

Тапсырма 1.

Кірпікке арналған туш.

Тапсырманы орындау үшін жұмыс жазбасын құрастыру қажет. Мысалы:

Минеральды май

7,3

ОНТҮСТИК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA АКАДЕМИЯСЫ «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA <i>-1979-</i>	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Дәрілер технологиясы кафедрасы «Емдік-косметикалық және ветеринарлық құралдар технологиясы» пәнінен зертханалық сабактарға арналған әдістемелік нұсқау	43/- 39 беттің 16 беті	-2024

Пропиленгликоль	9,1
Стеарин қышқылы	11,2
Глицерин моностеараты	4,5
Триэтаноламин	3,6
Бояғыш	9,1
Консервант	0,2
Су	100,0 дейін

Минеральды майда 65-70°C стеарин қышқылын және триэтаноламинді балқытады, содан соң глицерин моностеаратын қосады. Эмульгаторларды толық еріткен соң, тұрақты түрде арапастыру арқылы ыстық су(температуры 70 °C болатын) қосады. Жылдамдығы 1500-2000 айн/мин арапастырғыштармен эмульгирилейді. 35-40 °C температураға дейін салқындаладып, пропиленгликольді қосады. Температурасы 25-30°C болғанға дейін эмульгируле жүргізіледі. Консервант, бояғыштар қосып толық салқындағанға дейін арапастырылады.

Дайын болған тушты пластмассалы қораптарға орамдаپ, сәйкес талаптар бойынша бөзендіріп, оқытушығы тапсырады.

Қажетті құрал-жабдықтар: дәрілік заттар, химиялық жиынтық, зертханалық ыдыстар, келі, келсап, кесте, тест тапсырмаларының кешені және т.б.

5. Пәннің сонғы ОН қол жеткізу үшін оқытуудың негізгі формалары/әдістері/технологиялары: кіші топтарда жұмыс істеу.

6. Пәннің ОН қол жеткізу деңгейін бағалауға арналған бақылау түрлері: тестілеу, ауызша сұрау, зертханалық жұмыстардың орындалу нәтижесі бойынша.

7. Әдебиет (1-қосымшаны қара)

8. Бақылау сұрақтары:

1. Декоративті косметика бүйімдары. Қолданылуы. Тағайындалуы. Жіктелуі. Номенклатурасы.
2. Декоративтік косметикалық өнімдердің косметикалық эффектісі.
3. Дисперстік жүйе типі бойынша, шығарылу түрі, қолдану аясы бойынша декоративті косметикалық өнімдердің жіктелуі.
4. Бояғыштар. Декоративті косметикалық өнімдерде қолданылатын бояғыштарға қойылатын талаптар. Жіктелуі. Номенклатурасы.
5. Опа. Қолданылуы. Косметикалық эффектісі. Жіктелуі. Опаларға қойылатын талаптар. Сүйық опа. Тональды крем.
6. Опа өндірісінде қолданылатын заттардың сипаттамасы, жіктелуі, және номенклатурасы.
7. Шағын опа(компактные пудры). Рецептура. Майлы қоспа, сүйық тұтқыр қоспа, құрғақ бояғыш ерітіндінің құрамы.
8. Қызылт тұстң далап(румяна) Рецептурасы. Бояғыштың құрғақ ерітіндісінің, майлы қоспа, сүйық тұтқыр қоспа құрамы.
9. Ұнтақтәріздес опа өндірісінің технологиялық процесі.
10. Шағын опа өндірісінің технологиялық процесі.
11. Ерін далабы. Белгіленуі. Косметикалық эффектісі. Жіктелуі. Қойылатын талаптар.
12. Ерін далабының өндірісінде қолданылатын заттардың сипаттамасы, жіктелуі, номенклатурасы. Қойылатын талаптар.

ОҢТҮСТИК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA АКАДЕМИЯСЫ «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Дәрілер технологиясы кафедрасы «Емдік-косметикалық және ветеринарлық құралдар технологиясы» пәнінен зертханалық сабактарға арналған әдістемелік нұсқау	43/-2024 39 беттің 17 беті

13. Қабакқа арналған тен. Рецептурасы. Технологиясы. Сапасын бағалау.
14. Кірпікке арналған тушь. Рецептурасы. Рецепттегі компоненттерге қойылатын таллтар.
15. Майлы негіздегі декоративті косметикалық өнімдердің өндірісінің технологиялық процесі.
16. Эмульсиялық негіздегі декоративті косметикалық өнімдердің өндірісінің технологиялық процесі.
17. Майлы және эмульсиялық негіздегі декоративті косметикалық өнімдердің сапасын бағалау.
18. Кірпікке арналған туштың сапасын бағалау.

ОНТҮСТИК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA АКАДЕМИЯСЫ «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Дәрілер технологиясы кафедрасы «Емдік-косметикалық және ветеринарлық құралдар технологиясы» пәнінен зертханалық сабактарға арналған әдістемелік нұсқау	43/- 39 беттің 18 беті	-2024

№ 7 сабак

- 1. Тақырыбы:** Пигменттерді кетіретін әсері бар косметикалық препараттар.
- 2. Мақсаты:** Пигменттерді кетіретін әсері бар косметикалық препараттарды дайындау технологиясын және сапасын бағалаудың тәжірибелік дағдыларын үйрету, теориялық білімдерін қалыптастыру.

- 3. Оқыту мақсаты:**

Білуге тиіс:

- пигменттерді кетіретін әсері бар косметикалық препараттарды қолдану принциптерін.
- Істей алуы тиіс:**
- пигменттерді кетіретін әсері бар косметикалық препараттарды дайындау әдістері;
- жазылған жазылымды дайындау үшін ингредиенттердің қажетті мөлшерін есептеу;
- дайын косметикалық препараттарды стандарттау.

- 4. Тақырыптың негізгі сұрақтары:**

1. Сабак тақырыбы бойынша латынша және қазақша терминология.
2. Медициналық косметология тапсырмалары.
3. Косметикалық препараттарда қолдануға рұхсат етілген көмекші заттар.
4. Пигменттерді кетіретін әсері бар косметикалық препараттарды дайындаудың негізгі принциптері.
5. Пигменттерді кетіру түрлері.

Білім алушылардың зертханалық жұмысы

Білім алушы келесі тапсыриалар бойынша индивидуальды тәжірибелік жұмыстарын орында, берілген ситуациялық тапсырмаларды шешу керек:

Тапсырма 1.

Пигменттерді кетіретін әсері бар косметикалық құралдар дайындау.

Тапсырма 2. Косметикалық препараттардың номенклатуралық тізімін құрастыру. Сақтау талаптарын, қолданылуын, дайындау тәсілін көрсету.

Құрал-жабдықтар: дәрілік заттар, химиялық жиынтық, зертханалық ыдыстар, келі, келсал, кесте, тест тапсырмаларының кешені және т.б.

